



ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй мекенжайында орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) осымен өз акционерлерін Қоғам директорлар кеңесінің акционерлердің жылдық жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) шақыру бойынша қабылданған шешімі туралы хабардар етеді, ол Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй, мәжіліс залы, 3-қабат (Қоғам атқарушы органының орналасқан жері) мекенжайы бойынша Нұр-Сұлтан қаласында 2021 жылғы 28 мамырда 10 сағат 00 минутта келесі күн тәртібімен өткізіледі:

- 1) Қоғам акционерлері жалпы жиналысының есеп комиссияның мүшелерін сайлау, сандық құрамын және өкілеттілік мерзімін анықтау;
- 2) 2020 жылғы жылдық шоғырландырылған қаржы есептілігін бекіту;
- 3) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай және артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның 1 (бір) жай және 1 (бір) артықшылықты акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту;
- 4) Қоғамның жылдық есебін, директорлар кеңесі мен басқарманың жұмысы туралы жылдық есепті бекіту;
- 5) Акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне арыздары және оларды 2020 жылы қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 6) 2020 жылы Қоғамның директорлар кеңесі мен басқармасының мүшелеріне арналған сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпарат;
- 7) Қоғамның директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу;
- 8) Қоғамның директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу;
- 9) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау.
- 10) Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақының және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеу.

Жиналысты шақырудың бастамашысы Қоғамның директорлар кеңесі болып табылады (2021ж.27.04 №2 шешім).

Жиналыс қатысушыларын тіркеуді бастау уақыты – 2021 жылғы 28 мамыр, 09 сағат 00 минут.

Жиналыс қатысушыларын тіркеуді аяқтау уақыты – 2021 жылғы 28 мамыр, 09 сағат 45 минут.

Кворум болмаған жағдайда Жиналыс 2021 жылғы 29 мамырда 10 сағат 00 минутта осы күн тәртібімен осы мекенжайда қайта өткізіледі.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар акционерлер тізімін жасау күні – 2021 жылғы 28 сәуір 00 сағат 00 минут.

Жиналыс күн тәртібінің мәселесі бойынша материалдар Жиналысты өткізу күніне дейін 10 күн бұрын Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17-үй, 12-қабат, 1212-кабинет мекенжайы бойынша орналасқан Қоғамның ғимаратында, жұмыс күндері сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, сондай-ақ www.kmger.kz сайтында акционерлердің танысуы үшін қолжетімді болады. Қоғам акционерінің сұранысы болған жағдайда, Жиналыс күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар сұранысты алған күннен бастап 3 күн ішінде сол акционерге жіберіледі, бұл ретте құжаттардың көшірмелерін дайындау және құжаттарды жеткізу шығындарын акционер төлейді.

Жиналысты өткізу тәртібі:

- Жиналыс келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркегеннен кейін ашылады. Акционердің өкілі Жиналысқа қатысуға және дауыс беруге уәкілеттігін растайтын сенімхат ұсынуы тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтауда ескерілмейді және дауыс беруге құқығы жоқ;

- артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын акционер Жиналысқа қатысып, онда қаралатын мәселелерді талқылауда қатысуға құқылы;

- Жиналысқа шақырылған тұлғалар қатыса алады, бұл ретте ондай тұлғалар Жиналыс төрағасының рұқсатымен Жиналыста сөз сөйлеуге құқылы;

- Жиналыс, кворум болған жағдайда, жарияланған уақытта ашылады;

- Жиналыс Жиналыстың төрағасын сайлайды. Қоғамның корпоративтік хатшысы Жиналыстың хатшысы болып табылады;

- Жиналыс өз жұмысында үзіліс жасау туралы және жұмысының мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Жиналыс күн тәртібінің мәселесін қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы;

- Жиналыс күн тәртібінің мәселесі қаралып, ол бойынша шешім қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялана алады.

Жиналысты өткізудің өзге мәселелері «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қоғамның жарғысында белгіленген.

Күн тәртібінің мәселелері бойынша сырттай дауыс беру көзделмеген.

Жиналыс «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 35-52-баптарына сәйкес өткізіледі.